

## Еліміздің игілігі жолындағы ынтымақтастық

Берлі ауданына ғана емес, облысқа, аймаққа аты белгілі оқу-тәрбие мекемесі №15 кәсіптік лицейдің педагогикалық ұжымы мен оның директоры Мирболат Дияровты жарты ғасырлық мерейтойымен құттықтауға әріптестері, лицейдің бұрынғы түлектері, қазір әйнекеткерлік демалыстағы бұрынғы қызметкерлері, сонымен бірге КПО компаниясының еңбек ресурстары бойынша меңгерушісі Серджио Зановелло бастаған КПО өкілдері келді. КПО компаниясының өкілдерінің бұл мерекеге келуі кездейсоқ емес. Студенттері жыл сайын Қарашығанақ кен орнында өндірістік практиканы өтетін лицеймен КПО белсенді ынтымақтастық қарым-қатынаста.

КПО компаниясы Батыс Қазақстандағы жоғары және орта оқу орындарының шығарып отырған мамандарының кәсіби

сұранысына орай қаржылай қолдауды жүзеге асырып отырады. Мәселен, 2007 жылы КПО алғаш рет мұнайгазөндіру саласы мамандығын алып шығатын №15 кәсіптік лицей мен Берлі ауыл шаруашылық колледжі студенттеріне стипендиядан қолдау көрсету жөніндегі ұзақ мерзімдік бағдарламасын ұйымдастыру мен оны ары қарай жүзеге асыру бастамасын көтерді. Оның мақсаты кен орнына баратын студенттер мен болашақ техник, операторлардың кәсіби біліктілігін арттыруларына жағдай туғызу, сол сияқты білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базаларының жағдайларын жақсарту. Студенттер КПО компаниясында өндірістік практиканы материалдық-техникалық қамту мен техникалық қызмет көрсету бөлімдерінде өтеді. Өткен жылы КПО кәсіби мекемелерде білім беруді қаржылық қолдау

бағдарламасы шеңберінде жаңа құрал-жабдықтар мен студенттердің оқуына қажетті құралдар сатып алуға 30 мың доллар бөлінді.

КПО-ның еңбек ресурстары бойынша меңгерушісі Серджио Зановелло өзінің мерейтойына арнаған құттықтауында №15 кәсіптік лицейдің ұстаздары мен студенттері үшін тосын да қуанышты сый тартты. Олар бұл мерекеге 10 мың доллар сыйлық әкеліпті.

Серджио Зановелло лицей директоры Мирболат Дияров пен бүкіл ұжымды тағы да бір жағымды жаңалықпен қуантты. КПО компаниясы 2009 жылы кәсіптік лицейдің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге бір жарым миллион доллар жіберуге шешім қабылдапты. Ұстаздар мен лицей студенттеріне оқыту қызметінің сапалық деңгейіне жол ашатын, демек жалпы алғанда алынатын кәсіби



білімдерінің деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін бұл жобаның болашағы үлкен.

Серджио Зановелло КПО компаниясы мен осы өңірге қажетті мамандарды дайындайтын кәсіптік мекемелердің арасында бұдан ары қарай да

ынтымақтастық қарым-қатынас жалғаса беретініне сенім білдірді, сол сияқты еліміздің экономикасының өркендеуіне және республикамыздың игілігіне бағытталған ұстаздардың күрделі де абыройлы еңбегіне табыс тіледі.

## Жанымның жарығы немесе суреттер ән салады

Ақсай қаласының Мәдениет үйінде қаңтар айының соңында оралдық суретшілер ағайынды Жәрдемөвтер - Нұрбек пен Нұртайдың жеке көрмесінің ашылу салтанаты болды.

КПО компаниясы осы көрменің Ақсай қаласында өтуі үшін қажетті демеушілік көмек көрсеткен. Соңғы жеті жыл ішінде ағайынды суретшілер мыңның үстінде көркем ту-

ынды дүниеге келтірген екен. Олардың көптеген картиналары Ресейдің, Германияның, АҚШ-тың, Шотландияның жекеменшік коллекцияларында сақтаулы.

Нұрбек пен Нұртай суретті кішкентайынан салады, Оралдың көптеген тұрғындары осы қалада талантты суретшілер тұратынын, олардың салған суреттері Орал өңірі ғана емес, бүкіл республикамыздың мақтанышы бола алатынын жақсы біледі.

Нұрбек классикалық реализм бағытын ұс-танған, ал Нұртай сюрреализмге жақын. Оның көптеген полотнолары Сальвадор Далидың техникасының ізімен салынған, бірақ оны еліктеу деп айтуға келмес, қайта Саратов қаласында Боголюбовский көркемсурет училищесінде оқып жүрген кезінде шұғылданған ұлы испандықтың идеологиясы бойынша шығармашылық дамуы деп қараған жөн. Нұртайдың шығармашылығына Сәкен Ғұмаров, Надежда Тихонова сияқты Оралдық аға буын

шеберлердің жұмыстары көп әсерін тигізді. Ол өз картиналарын негізінен әртүрлі стилдердің музыкалық композициясы бойынша салады.

Көрермендерге ұсынылған туындылар бірінен-бірі өтеді. Қанша қарасаң да көзің талмайды, ойдан-ойға жетелейді. Олардың жұмыстарынан ұқсастық пен өзгешелік іздеген көрмені тамашалаушылар Нұрбек пен Нұртайдың мінездік ерекшеліктері бар екенін аңғарды.

Ағайынды Жәрдемөвтердің жеке көрмесі Ақсайда үлкен табыспен өтті. Оған жергілікті тұрғындармен бірге аудан әкімі Болат Шәкімов бастаған Берлі ауданы әкімдігі өкілдері, сол сияқты Қарашығанақ кен орнын игерумен айналысып жатқан шетелдік компаниялардың өкілдері, КПО-ның сервистік қамту жөніндегі директоры Колин Опп Бернс бастаған үлкен делегациясы да қатысты. Олар Берлі ауданы әкімі мен суретшілерді көрмеге шақырғандары үшін алғыс айтып, ағайынды Жәрдемөвтердің таланты тек қана осы аймақта немесе осы елде ғана емес, одан да асып таныла беретініне сенім білдірді.



Ағайынды суретшілер Жәрдемөвтер.



## Балаларға деген қамқорлығы үшін алғыс

Өсіп, қалыптасуында үлкен ауытқушылық бар балаларды біріктіретін «Бәйтерек» қоғамдық ұйымы жақында «Даму жолындағы әлеуметтік әріптестік» жобасын ойдағыдай жүзеге асырды. Жобаның негізгі демеушісі КПО компаниясы.

Мүгедек балалардың аналары атынан БҚО «Бәйтерек» мүгедек балалар басқармасының төрайымы М. Санкаева КПО-ның бас директоры Роджер Фокстың атына алғыс хат жолдады.

Хатта былай делінген: «КПО-ның тұрғындармен жұмыс бөлімінің қызметкерлерінің



жұмысының арқасында біз ұзақ мерзімдік жобаны жүзеге асырудың алғашқы жылы өсіп, қалыптасуында үлкен ауытқушылық бар балалармен жеке және топтық жұмыс жасауға арналған білім беру орталығын аштық. 2008 жылдың жобасы Орал қаласындағы №2 ОБМ мен №19 ОБМ тірек-қозғалу жүйесі (ДЦП) бұзылған балаларға арналған мини-орталықтар ашу мен оны ары қарай жүзеге асыруға көмектесті».

Сонымен бірге хатта әлеуметтік жоба моделі мүгедек балалар мен олардың отбасыларының өмірге деген үмітін нығайтуға мүмкіндік бергені туралы айтылған. «Біз КПО компаниясы басшылығының облысымыздағы ірі әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың

кезек күттірмес проблемаларын шешудегі қызметін жоғары бағалаймыз және алғыс айтамыз».

КПО компаниясы бұл ұйымға 2007 жылдан бері көмектесіп келе жатқанын айтуымыз керек. 2008 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ұйымы балалардың жағдайын жақсарту мен қорғауға қатысты әлеуметтік және құқықтық принциптер декларациясын пайдалана отырып, ақпараттық-құқықтық материалдар дайындады. Емдеу-дене тәрбиесі кабинетіне балалар мен олардың отбасыларының өмірге деген үмітін тірек-қозғалу жүйесі (ДЦП) бұзылған балаларға арналған түрлі керек-жарақтар алынып, логопед кабинеті ашылды. Қазіргі таңда массаж кабинетін жабдықтау жұмысы жүргізілуде.

## Қарашығанақтың экологиялық аспектісі



*Әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсатты кен орындарының бірін игеру барысында қоршаған ортаны барынша қауіпсіздендіру оңай шаруа емес. Ал енді «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының жүзеге асырып келе жатқан экологиялық бағдарламасы жөнінде айтатын болсақ, ол бірнеше бағыттан тұрады. Бұл жаңа заманға сай технологияны қолдану, зиянды заттардың ауаға таралуын азайту және табиғат қорғау нысандарын тұрғызу. Қойылған мақсатқа жету үшін жасалып жатқан іс-шаралар туралы біз КПО-ның қоршаған ортаны қорғаудың корпоративті бөлімінің менеджері Луи Джакобстің әңгімелеп беруін өтінген өдік.*

- Кез келген жұмыста оның негізгі басымдылық жақтарын айқындап алу өте маңызды. Қарашығанақ жайында және Орал өңірінің экологиясы туралы әңгіме болғанда, сіздің ойыңызша ең бастысы және бірінші кезектегі не?

- Кен орнының масштабы мен алынып жатқан көмірсутегінің мөлшері орасан. Қарашығанақтағы игеріліп жатқан газ бүгінгі таңда 14,97 миллиард кубометрге жақын, ал сұйық көмірсутегі жылына 10,4 миллион тонна құрайды. Қарашығанақ Қазақстанның жұмыс жасап тұрған ең ірі газ кен орны. Ол еліміздегі игерілетін газдың жартысын, ал егер нақтырақ айтсақ 45 пайызын береді. Ал конден-

сат көлемін азайтудың арқасында мүмкін болды.

- Кен орнында соңғы үш жыл ішінде қандай жаңа экологиялық технологиялар енгізілді?

- Техникалық жағынан жаңартуды айтатын болсақ, Қарашығанақтағы өндіріс түбегейлі модернизациядан өтті. Соның ішінде бірінші кезекте қатап талап етілетін экологиялық талаптар есепке алынды. Дәл осы Қарашығанақта әлемде бірінші рет көп көлемдегі күкіртті газды пластқа қайта айдау технологиясы қолданылды. Бұл пластлық қысымды ұстап тұруға және сұйық көмірсутегінің үлкен көлемде игеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге жойайғы

жиынтығы жүйесіне ары қарай өңделу үшін қайта жіберіледі.

- Қарашығанақтағы қоршаған ортаның жағдайын бақылауды кім және қалай жүргізеді?

- Мониторинг процесін КПО экологтары мен «Gidromet LTD» кәсіби лабораториясының мамандары жүргізеді. Ол бүкіл еліміздегі Мемлекеттік стандарт жүйесінде қоршаған ортаның барлық компоненттері бойынша аккредиттелген жалғыз лаборатория деуге болады. Жыл сайынғы ауа тазалығын тексерудің өзі 110 мыңға жақын. Тексеру-зерттеу қорытындылары бойынша кен орны мен оған жақын аймақтағы ауада негізгі ластанушы заттар қалыпты нормадан артық емес. Компания ауа тазалығының барлық қадағалаушы параметрлері бойынша нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Алынған өлшеу қорытындылары үнемі салыстырылып отырады. Бұдан басқа ауаның үзіліссіз мониторингін санитарлық-қорғау аймағы шекарасында бақылаудың ең нақты құралдарымен жабдықталған экологиялық мониторингтің 12 стационарлық станциясы жүргізіп отырады. Олар тәулік бойына автоматты түрде жұмыс жасайды. Сол сияқты КПО экологтарында жылжымалы шұғыл бақылау станциясы да бар. Оның соншалықты сезімтал құралдармен жабдықталғаны сондай, қажет жағдайда ауаның сапасы мен ондағы ластанушы заттардың құрамы жөнінде құралдардың өтуі қиын жерлерден де ақпарат бере алады. Сонымен бірге тұрғындарға, соның ішінде кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарына жүргізілген бақылаулардың қорытындылары туралы үнемі хабарланып отырады. Бұның өзіндік мәні бар. Анық та уақтылы ақпарат бар жерде әртүрлі болжаулар мен күдікке, алып-қашпа әңгімеге орын жоқ. Сондықтан да тұрғындар жұбаны жүзеге асырудың келесі кезеңін немесе оны ары қарай дамытудың негізгі бағыттарын талқылауға үнемі қатысып отырады.

- «Қарашығанақ Петроли-


ум Оперейтинг Б.В.» сияқты ірі ұжымда қызметкерлер еңбек қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін сақтауға қаншалықты мүдделі?

- Кез-келген көмірсутекті кен орнындағы жұмыс ерекше ұқыптылық пен жоғары кәсіби біліктілікті қажет етеді. Оның үстіне Қарашығанақтағы құрал-жабдықтар өте қымбат тұрады. Демек оны тек сенімді қолға ғана сеніп тапсыруға болады. Бірақ та ең басты байлығымыз адамдар ғой. Адам денсаулығы таза табиғатпен тығыз байланысты. КПО өндірістің жоғары мәдениетін қолдайды және қамтамасыз етеді. Сонымен бірге экологиялық нормалар мен техника қауіпсіздігін сақтау жауапкершілігі компанияның барлық қызметкерлеріне жүктеледі. Авариясыз жұмыс жасау міндетті ғана емес, алға қойған мақсат та. Бұндай іс-жоспар өзін-өзі әрқашан ақтайды. Өткен жылдың қазан айында Женева қаласында өткен қауіпсіз өндіріс лидерлері форумында компания халықаралық DuPont Safety Award сыйлығына ие болды. Бұл сыйлық еңбек жағдайларын жақсартқаны және өндірісте жарақат алуды азайтқаны үшін беріледі. Оның Халықаралық 34 компанияның ішінен қол жеткізген жеңіс екенін де айта кетуіміз керек. КПО жүзеге асырып келе жатқан қауіпсіз өндіріс бағдарламасынан басқа жол қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған кең көлемдегі акция жүргізілді. Біздің мақсатымыз – барлық жағдайлардың да алдын алып отыру. Оны КПО-ның кез келген көрсеткішінен көруге болады. Мәселен, КПО-ның еңбек ұжымдары бойынша 20 миллион адам-сағат жұмыс уақытын жоғалтпай жұмыс істеді. Ал, жалпы алғанда бүгінгі таңда КПО қоршаған ортаны қорғау ісіне 138 миллион доллар жұмсап отыр.



сат пен мұнайдың 17 пайызын береді. Мұндай ірі өндіріс мықты бақылауда болатыны белгілі. Соның ішінде еңбекті қорғау мен экологиялық қауіпсіздік сияқты маңызды бағыттар. Демек, бұл жерде барлық нормативті талаптарды сақтау жұмыстың ең негізгі басым бағыты болып табылады. Соңғы үш жыл ішінде ауаға тарайтын зиянды заттар көлемінің едәуір азайғаны байқалады. КПО газды ауаға жібермеудің әлемдегі ең жоғары көрсеткіштерінің біріне қол жеткізді. Бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 99,78 пайызды құрайды. Шындап келгенде, Қарашығанақ Қазақстандағы газды ауаға таратпау көрсеткіші бойынша осындай орасан биік көрсеткішке жеткен жалғыз мұнайгаз конденсатты кен орны. Бұл бөрінен бұрын жағылатын

газды жағу қажеттілігін жояды. Көмірсутегі шикізатынан алынған ақпарт те пластқа қайта айдалады. Бұл да экологиялық жағдайға игі әсерін тигізетін фактор. Технологиялық процестің міндетті талаптарының бірі ұңғыманы зерттеу болып табылады. Бұл жерде экологиялық қауіпсіз «супержасыл» деп аталатын горелкалар қолданылады. Ауа компрессорлары жану аймағына қосымша ауа айдайды, сөйтіп көмірсутегінің күлсіз жануын және негізгі ластанушылар концентрациясын төмендетуді қамтамасыз етеді. Ұңғыманы зерттеу үшін «Экспро» британ компаниясы жасаған «Мега Флоу» инновациялық көп фазалы технологиясы да қолданылады. Мұнда сынақ уақытында көмірсутекті шикізат жағылмайды, ол мұнай



## Оралдағы «Start-up» жастар форумы

КПО компаниясы Батыс Қазақстан облыстық әкімдігімен бірлесе отырып Орал қаласындағы «Жәрдем-Содействие» Жастардың қоғамдық бірлестігіне өткен жылдың соңында Орал қаласында «Start-up» атты жастардың Алғашқы инновациялық форумын өткізуге демеушілік көмек көрсетті.

Форумды өткізудегі негізгі мақсат - жастар арасында шағын кәсіпкерліктің өркендеуіне ықпал ету, бизнес жобаларда идеяларды қайта құруда жастар арасында практикалық дағдыларды қалыптастыру, сол сияқты жастардың Батыс Қазақстан облысында идеялар мен жобаларды жүзеге асыруға өз бизнестері арқылы қатысуына жол ашу.

Жастар форумына КПО компаниясы атынан компанияның корпоративті бөлімінің қызметкері Зульфия Музафарова қатысты.

Батыс-Қазақстан облысы жастарының Іскерлік Кеңесі – бұл «Жәрдем - Содействие» жастар бастамасы орталығы) АҚ атымен құрылған жас кәсіпкерлер мен студенттік клубтардың ерікті бірлестігі екенін айта кетуге болады. Олардың мақсаты - өз істерін ұйымдастыру үшін білім алу мен машықтану, бизнесі мен карьерасын дамыту, тәжірибе алмасу, жұмысқа орналасу проблемаларын шешу мен бизнестің, өкіметтің және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен іскерлік қарым-қатынас орнату.